

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 1210 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 776 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.08.03 N 776 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 23 желтоқсандағы
N 1210 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.05.13 N 693 Қаулысымен.

1. Миссия және пайымдау

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің миссиясы - бәсекелестік қабілеттің жоғары деңгейі мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; экономиканың энергия ресурстарына өсіп отырған қажеттігін қамтамасыз ету, минералдық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған

ғылыми-технологиялық әлеуетті дамыту, энергетика секторында өңірлік және халықаралық интеграция мақсатында экономиканың минералдық шикізат және отын-энергетика секторларын дамыту.

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің пайымдауы: пайдалы қазбалардың қосымша қорларын анықтауға бағытталған геологиялық зерттеу жүйесін жетілдіру, жер қойнауын ұтымды және кешенді қамтамасыз ету;

мұнай-газ өнеркәсібін мұнай-химия өнімдерін базалық және жоғары қосылған құнымен өндірудің, өңдеудің және шығарудың аяқталған технологиялық циклімен одан әрі дамыту;

халықаралық энергетика нарығының ықпалды және жауапты қатысушысы ретінде мемлекеттің ұстанымын күшейту;

елдің энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ішкі және сыртқы нарықтардың көмір өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз ету;

энергия ресурстарын тасымалдау жүйелерін одан әрі дамыту; ядролық-энергетикалық саланы құру; ОЭК салаларына энергия үнемдейтін технологияларды енгізу.

2. Ағымдағы жағдайды талдау

Ескерту. 2-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2285 Қаулысымен.

Геология. 2007 жылы жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестерге мемлекеттік геологиялық зерттеу, мониторинг, қолданбалы ғылыми зерттеулер, мұнай және өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою жүргізілді.

Алаңдарды геологиялық жете зерттеу (ГЖЗ-200) осы заманғы геологиялық негіз алуға және қатты пайдалы қазбалардың әртүрлі түрлерінің кен орындарын анықтау үшін келешегі бар 104 объектіні айырып алуға мүмкіндік берді, енді олардың қорларын нығайтып жұмысты жалғастыру қажет.

Геологиялық барлау жұмыстарын орындау нәтижесінде пайдалы қазбалардың кейбір негізгі түрлері бойынша қорлардың өсуі: алтын 50 тонна; мыс - 840 мың тонна; никель - 407 мың тонна; марганец кені - 6 млн.тонна; темір рудасы - 82 млн. тонна; мұнай - 61 млн. тонна; газ - 4 млрд. т. м. құрады.

Минералдық ресурстар Қазақстан экономикасының негізін құрайтын және қаланың негізін салушы болып табылатын таукен-металлургия кешені кәсіпорындарының тұрақты дамуын қамтамасыз ететіндіктен мұнан былайғы геологиялық зерттеулерді жандандыру қажет.

Геологиялық ақпаратты қалыптастыру мемлекеттік органдар мен жер

қойнауын пайдаланушыларды жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы толық және дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Цифрлы геологиялық ақпарат жинау және өңдеу мақсатында ақпараттық жүйе құру, геологиялық материалдарды цифрлау бойынша жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Мемлекеттік компьютерлік дерекқор құру жөніндегі жұмыстар жалғасуда.

Қосымша 152 елді мекен ауыз су қорымен қамтамасыз етілді.

Каспий теңізінің су басу аймағындағы 8 авариялық мұнай ұңғымасы мен 130 өздігінен төгілетін ұңғыма жойылды.

Болашақта Елдің минералдық шикізат кешенінің ресурстық базасын дамытудың 2003 - 2010 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес саладағы жоспарлы жұмысты жалғастыру қажет.

Жер қойнауын пайдалану. 2007 жылы минералдық шикізат кешеніне салынған инвестицияның көлемі 2006 жылмен салыстырғанда 22,8 %-ға өсті және 17,8 млрд. АҚШ долларын құрады, оның 214 млн. АҚШ доллары әлеуметтік сала мен жергілікті инфрақұрылымды дамытуға, 747 млн. АҚШ доллары қазақстандық персоналды оқытуға жұмсалды. Жалпы көлемнің 73%-ы көмірсутек шикізаты бойынша жер қойнауын пайдалану объектілеріне инвестицияланды.

Жер қойнауын пайдалану саласында лицензиялық-келісімшарттық міндеттемелерді орындау мониторингін өткізген кезде құзыретті және уәкілетті органдардың өзара іс-қимылының жеткіліксіздігі өзекті мәселе болып табылады. Бұдан басқа, жер қойнауын пайдаланушылар мен құзырлы мемлекеттік органдардың арасында жедел ақпарат алмасу қажеттігі сезіліп отыр.

Жер қойнауы туралы қазіргі заңнаманы жүйеге келтіру бойынша жұмыс жүргізу қажет.

Электр энергетикасы. 2007 жылы электр энергиясын өндіру 2006 жылмен салыстырғанда 6,7 %-ға өсті және 76,36 млрд. кВтс. құрады. Электр энергиясын тұтыну 76,42 млрд. кВтс, құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 6,5 % жоғары.

Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесі (БЭЖ) Ресей Федерациясы мен Орталық Азия елдерінің энергия жүйелерімен қосарлас режимде орнықты жұмыс істейді.

Елдің энергетикалық қауіпсіздігі мен экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету бойынша электр энергетикасы саласының стратегиялық міндеттерін шешу үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 31 мамырдағы N 147-ө өкімімен Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласын дамыту жөніндегі 2007 - 2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.

2015 жылға дейінгі электр тұтыну мен электр жүктемесінің деңгейлерін

болжау негізінде Қазақстан БЭЖ-і оңтүстік аймағының болжалды қуат тапшылығы, электр станцияларындағы іске қосылатын қуаттар анықталды, оңтүстік аймақта (Балқаш ОЭЖ) базалық электр станциясын орналастыру бойынша негіздемелер мен ұсыныстар және одан қуат берудің алдын ала жасалған сұлбасы дайындалды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының электр энергетикасын дамытуға қажет инвестиция есептелді.

Министрдің бұйрығымен электр энергиясының 2015 жылға дейінгі теңгерімі, қайта құруға, жаңғыртуға және кеңейтуге жататын электр энергетикасы объектілерінің тізбесі, сондай-ақ жаңа электр энергетикасы объектілерінің құрылысы бекітілді.

Қазақстанның электр энергетикасындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту мақсатында нарық субъектілерінің электр энергиясын өндіру және тұтыну үйлесімсіздігін реттеу үшін Министрдің бұйрығымен 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосылатын Теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының жұмыс істеу ережесі бекітілді.

Тұрақты даму мақсатында Қазақстанның Оңтүстік - Солтүстік транзитінің өткізу қабілетін 1350 МВт дейін ұлғайта отырып, транзиттің ВЛ-500 кВ екінші желісі құрылысының инфрақұрылымдық жобасын іске асыру жалғастырылуда, аяқталуы - 2009 жылы.

Қазақстанның төрт энергетикалық аймағы бойынша энергия беруші қуаттарды, электр және жылу желілерін кеңейту, жаңғырту және қайта құру бойынша инвестициялық жобалардың әзірлемесі жүзеге асырылуда.

Энергия үнемдеу саясатын мақсатты жүргізу шеңберінде ішкі жалпы өнімнің энергия сыйымдылығы деңгейін төмендету, оның ішінде өнім бірлігіне жұмсалатын энергия тұтыну нормативтерін, энергия үнемдеудің мемлекеттік стандарттары мен ҚНМЕ әзірлеу, "Энергия үнемдеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясын әзірлеу жөніндегі шаралар кешені белгіленді.

Электр энергиясын өндіру, электр энергиясының бәсекелі нарығына ЖЭК тарту және ластаушы заттар мен парник газдардың атмосфераға шығарылуын қысқарту үшін ЖЭК пайдалану тетігін заңдық реттеуге мүмкіндік беретін "Жаңғыртылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау және іске асыру қажет.

Көмір өндіру саласында 2007 жылы 94,4 млн. тонна көмір өндірілді. Көмір өндіретін компаниялар Қазақстанның энергетикалық кәсіпорындарына 44,6 млн. тонна (103 %), коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылар мен халыққа 11,4 млн. тонна (101,8 %) көмір жеткізіп берді.

Тұтас алғанда көмір саласы 2007 жылы экспорттық мүмкіндіктерді де, ішкі өскелең қажеттілікті де қамтамасыз етті.

Жекелеген көмір өндіруші кәсіпорындарда өндірісті шоғырландыру мен басқарудың жоғары деңгейіне қол жеткізілді. Өндіріс көлемінің тұрақты дамуы мен тиімді өсуін көздейтін өнеркәсіптік-технологиялық саясат жүзеге асырылуда.

Стандарттау саласында "2007 - 2010 жылдары көмір саласының халықаралық стандарттарға көшуін қамтамасыз ету" бағдарламасын одан әрі іске асыру жүргізілді. 2007 жылы Министрлік 15 мемлекеттік стандартты және қолданыстағы стандартқа бір өзгерісті, Борлы, Талдыкөл және Сарыкөл кен орындары көмір өнімдерінің 3 каталогы мен 3 жіктеуішін әзірледі және оларды Техникалық реттеу және метрология комитеті бекітті.

Энергетикалық қауіпсіздікті жақсарту және көмір саласын одан әрі дамыту, қайта құрылуға, жаңғыртылуға және кеңейтілуге тиіс электр энергетикасы объектілерін, сондай-ақ жаңадан салынып жатқан электр станцияларын, халықты және коммуналдық-тұрмыстық ұйымдарды отынмен қамтамасыз ету мақсатында Министрлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 маусымдағы N 644 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының көмір саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған тұжырымдамасын әзірледі.

Тұжырымдаманың аса маңызды міндеттерінің бірі өндірісті жаңғырту, көмір және таужыныс қабаттарын іріктеп қазып алуды жүргізуге мүмкіндік беретін көмір өндірудің жаңа техникасы мен технологиясын енгізу арқылы көмір өнімінің сапасын жақсарту болып табылады.

Басқа бағыт - бұл сапасы бойынша тиелетін көмірді орташалау, кесектердің оңтайлы ірілігін қамтамасыз ету есебінен электр станцияларында жағылатын көмірдің күлділігін азайту және сапасын жақсарту.

Тұжырымдамаға сәйкес көмір өндіруді 2008 жылы - 97 млн. тонна, 2009 жылы - 98 млн. тонна, 2010 жылы - 99 млн. тонна және 2011 жылы - 100 млн. тонна көлемінде қамтамасыз ету жоспарлануда, бұл ішкі және сыртқы нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Республиканың көмір өндіретін кәсіпорындарында ИСО сериялы 9000, 14000 және OHSAS 18000 стандарттарына сәйкес сапаны, қоршаған орта мен денсаулық сақтауды және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйелерін енгізуге ерекше көңіл бөлінетін болады.

2009 - 2011 жылдары нормативтік-техникалық базаны жетілдіру көмір саласын мемлекеттік стандарттармен, тиісті халықаралық талаптармен қамтамасыз етеді. Жоғарыда аталған стандарттарды енгізу 2009 жылы көмір өнеркәсібінің нормативтік-құқықтық актісін - техникалық регламентін әзірлеуге, ал шаруашылық жүргізуші субъектілерге - өнімнің сапалы және қауіпсіз номенклатурасын әзірлеуге, халықаралық стандарттар бойынша сапа және

қоршаған орта менеджменті жүйелерін енгізуге кірісуге мүмкіндік береді.

Министрлік 2009 - 2011 жылдары Қарағанды көмір бассейнінің пайдасыз шахталарын жабуды аяқтау және бұрынғы "Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігінің шахталары, разрездері және байыту фабрикалары қызметінің теріс әсерінің деңгейін төмендету бойынша техникалық іс-шаралар өткізу белгіленіп отыр, бұл Қарағанды облысы халқының өмір сүруіне қауіпсіз жағдай жасауды, өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуды және тау-кен өндірістерін тарату салдарының мониторингін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Мұнай өнеркәсібі . 2007 жылы республикада мұнай және газ конденсатын өндіру өткен жылмен салыстырғанда 3,6%-ға артып, 67,2 млн. тоннаны құрады.

60,3 млн. тонна мұнай экспортталды. 12 млн. тоннадан астам мұнай ішкі нарыққа жеткізілді және қайта өңделді, өсім 3,2 %-ды құрады. 2627 мың тонна бензин (112,2 %), 3919 мың тонна дизель отыны (113,4 %), 2575 мың тонна мазут (77,9 %), 259 мың тонна авиакеросин (95,8 %) өндірілді.

2009 — 2011 жылдары республикада мұнай және газ конденсатын өндіру Екінші Буын Зауытының және Теңіз кенорнында Шикі Газ Айдау жобаларын іске асырудың есебінен өсетін болады. Кен орындарында мұнай өндіру жылына 20 млн. тоннадан астам деңгейге жетеді.

Отандық мұнай өңдеу зауыттарында өңдейтін қуаттары бар қондырғыларды жаңғырту және жаңасын салу жөніндегі іс-шаралар өткізіледі. Жаңғыртудың нәтижесінде республиканың тұтынушыларын ЕВРО-3, 4 талаптарына сәйкес келетін жоғары сапалы мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету, қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету, сондай-ақ 2014 - 2015 жылдары автомобиль бензині мен авиаотын тапшылығын жабу көзделуде. Жаңғырту аяқталғаннан кейін мұнай өңдеу зауыттарының мұнай өңдеу бойынша жиынтық қуаты жылына 17 млн. т о н н а ғ а ж е т е д і .

Министрлік Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2006 - 2010 жылдарға арналған (II кезең) іс-шаралар жоспарын іске асыруды ұйымдастыру мен бақылауды жүзеге асырады. Республиканың өндірістік-әлеуметтік объектілеріне мазут және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін көктемгі-күзгі дала жұмыстарына дизель отынын жеткізу қамтамасыз етіледі.

Мұнай өндіру көлемін ұлғайту мұнай көлігі инфрақұрылымын дамытуды талап етеді. Жаңа экспорт жүйесін құру және қолданыстағысын кеңейту жөніндегі жұмыс өзекті болып табылады. Каспий Құбыр Консорциумы мұнай құбырын кезең-кезеңімен кеңейту, Қазақстандық Каспий Тасымалдау Жүйесі арқылы Баку - Тбилиси - Джейхан құбырына қосылу және Қазақстан - Қытай мұнай құбыры жобасының 2-кезеңінің бірінші кезегін салу - Кеңкияк - Құмкөл мұнай құбырын салу мәселелері пысықталуда.

Газ өнеркәсібі. Табиғи және ілеспе газды өндіру 2007 жылы 29,6 млрд. т. м құрады, өсім 2006 жылмен салыстырғанда 9,7 %. 2007 жылы республиканың мұнай және газ өңдейтін кәсіпорындарында 1420 мың тонна сұйытылған көмірсутек газы өндірілді, өсім 111,7 % құрады. Оның ішінде шамамен 960 мың тонна экспортқа жөнелтілді және 460 мың тонна ішкі нарыққа жөнелтілді (2006 жылға қарағанда 102,9 %).

Республика облыстарының табиғи газ тұтынуының көлемі 8,7 млрд. т. м құрады және 2006 жылы тұтынған газдың көлемінен 13,7 % артты. Газ экспортының көлемі 4,4 млрд. т. м (алмасу операциясы арқылы ҚР ішкі нарығына жіберілетін Қарашығанақ газын есептемегенде) құрады.

Ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету үшін 2006 жылы "Газпром" ААҚ, "Өзбекмұнайгаз" ҰХК және "ҚазМұнайГаз" ҰҚ" АҚ арасында Газдың қарсы жеткізілімі туралы келісімге қол қойылды.

Қазақстанда магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілерінің тарихи қалыптасқан жүйесіне сәйкес оңтүстік өңірлер дәстүрлі өзбек газымен қамтамасыз етіледі. Республиканың оңтүстігінің қажеттілігі соңғы жылдары 1,7-ден 3,8 млрд. т. м. дейін өсті. Сонымен қатар табиғи газ өндіру көлемінің төмендеуін және Өзбекстанда газға қажеттіліктің қыста артатындығын ескере отырып, жыл сайын күзгі-қысқы мезгілде өзбек газына жеткізу шектеледі.

Бейнеу - Бозой - Ақбұлақ газ құбырын салу Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігінің жақсаруына жағдай жасайтын болады және елдің газ өндіретін батыс өңірлерінен оңтүстікке берілетін газ ағынын қамтамасыз етуге және өзбек газының жеткізіліміне тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан ішкі және сыртқы нарықтарға көмірсутектерді жеткізудің көп векторлы принциптеріне сүйене отырып, табиғи газдың транзиті мен экспорттық жеткізілімі бойынша барлық экономикалық тиімді бағыттарды дамытуға ұмтылады.

2007 жылғы 20 желтоқсанда Мәскеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Ресей Федерациясының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметінің арасындағы Каспий маңы газ құбырын салудағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Сондай-ақ 2007 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан - Қытай газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Осы Келісімдерді іске асыру елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді және тиісінше Қазақстан экономикасының дамуына жағдай жасайтын болады.

Газ тасымалдау саласындағы нормативтік базаны жетілдіру мақсатында газды

тұтыну, коммерциялық есепке алу аспаптарын пайдалану, баға белгілеу процестерін мемлекеттік реттеу жолымен сұйытылған газды тұтынушылар мен өнім берушінің арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеуге бағытталған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 маусымдағы N 568 қаулысымен бекітілген Сұйытылған көмірсутек газын жеткізу, тасу және пайдалану ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 16 қаңтардағы N 22 қаулысы).

Жанар-жағар май материалдарының, жабдықтардың, қосалқы бөлшектер мен материалдардың, авариялық қордың, магистральды газ құбырларының сызықтық бөлігіндегі энергетикалық ресурстардың, компрессорлық станциялардың, жерасты газ қоймаларының шығыс нормаларын, магистральды газ құбырлары арқылы газды тасымалдау кезінде өзіндік қажеттіліктерге және технологиялық ысырапқа жұмсалған газдың шығыс нормаларын есептеу жөнінде 22 әдістемелік нұсқаулық әзірленді.

Газ құбырларындағы жұмыстардың қауіпсіздігіне, пісіру рәсімдеріне, ластаушы заттардың шығарындыларын өлшеу мен бағалауға қатысты 24 мемлекеттік стандарт, оның ішінде 17 стандарт ИСО стандарттарының негізінде әзірленді.

Мұнай-химия саласында Министрлік республикада көмірсутек шикізатын тереңдей өңдейтін және мұнай-химия өнімдерін шығаратын өндірістік қуаттар құру жөнінде "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-пен, "Kazakhstan Petrochemical Industries" АҚ-пен және басқа да мұнай-химия кәсіпорындарымен бірлесіп, нақты серпінді инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңіне кірісті. Оларды іске асыру бойынша негізгі іс-шаралар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 101 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының мұнай-химия өнеркәсібін дамытудың 2008 - 2013 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" қаулысында белгіленді.

2007 жылғы желтоқсанда Мемлекет басшысының Жарлығымен Атырау облысының әртүрлі географиялық алаңдарында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылды. «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 21 қыркүйектегі № 873 Жарлығымен интеграцияланған мұнай-химия кешені инфрақұрылымдық объектілерінің құрылысына арналған аумақты кеңейту бөлігінде «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 495 Жарлығына өзгерістер енгізілді.

Осы Жарлықты іске асыру мақсатында АЭА әкімшілік ету және АЭА ММ жер бөлу жөніндегі мемлекеттік мекемесін құру, АЭА уәкілетті органы етіп

ЭМРМ-ні белгілеу көзделген "Ұлттық индустриалдық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 сәуірдегі N 314 қаулысы қабылданды.

ЭМРМ министрінің 2008 жылғы 16 сәуірдегі N 116 бұйрығымен "Ұлттық индустриалдық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағының әкімшілігі" ММ құрылды. Жер мәселелерін шешу Жер кодексіне сәйкес жүргізілетін болады.

"Шикізат жеткізілімін іске асыру келісім туралы" ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы N 142 қкү қаулысы қабылданды (Атырау облысында салынатын интеграцияланған мұнай-химия кешеніне "Теңізшевройл" ЖШС өнімдерін жеткізіп берумен байланысты).

2008 жылы жылына қуаты 1,25 млн. тонна базалық мұнай-химия өнімдерін, оның ішінде 800 мың тонна полиэтилен және 450 мың тонна полипропилен алатын әлемдік деңгейдегі бірінші интеграцияланған мұнай-химия кешенін салуға дайындық бойынша рәсімдер аяқталды. Жобаны іске асыратын жер - Атырау облысындағы Қарабатан станциясы.

Бірінші интеграцияланған мұнай-химия кешенінің инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы несиелік республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 13 маусымдағы N 580 қаулысы).

"Атырау облысында бірінші интеграцияланған мұнай-химия кешенін салуға" Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен несиелік ресурстарды берудің шарттарын анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 қарашадағы N 1073 қаулысына сәйкес республикалық бюджеттен 10 млрд. теңге несиелік ресурс бөлінді.

Инвестициялық жобаларды әзірлеу кезінде мұнай-химия өндірістерін құру және оларды іске асыруға дайындау, сондай-ақ жаңғыртылған Атырау мұнай өңдеу зауытының технологиялық мүмкіндіктері мен өндірістік ресурстары ескерілді, болашақта басқа мұнай өңдеу зауыттарының да ресурстық және технологиялық мүмкіндіктері анықталатын және іске қосылатын болады.

Министрлік пен "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ АЭА шеңберінде мынадай инвестициялық жобаларды іске асыруға әзірледі және дайындады.

Хош иісті көмірсутектер өндіру кешенін салу

Орналасатын жері: Атырау МӨЗ-і және Атырау облысының Қарабатан станциясы. Жобаның құны: 886 млн. АҚШ долл. Жобаны іске асырудың болжамды мерзімі: 2009 - 2012 жылдар. Атырау МӨЗ-інде бензол өндіретін зауыт салу жылына оны 133 мың тонна және параксилолды жылына 496 мың

тонна көлемінде шығаруды қамтамасыз етеді.

Қарабатанда бензол мен параксилолды тереңдетіп өңдеу негізінде жылына 170 мың тонна терефтал қышқылын, жылына 200 мың тонна полииэтилентерефтал (пластикалық бөтелкелерді шығаруға арналған шикізат), жылына 127 мың тонна этилбензол, жылына 200 мың тонна поливинилхлорид өндірісі құрылатын болады.

Қазақстанда жол битумдарын өндіру

Орналасатын жері: Ақтау пластмасса зауыты. Шикізат - Қаражанбас кенорнының мұнайы. Өнімділігі: жылына 450 мың тонна жол битумы. Жобаның құны 400 млн. АҚШ доллары. Жобаны іске асыру мерзімі: 2012 жыл.

Осы жоба бойынша "Марубени Корпорейшн" компаниясы жобаны бірлесіп іске асыру мүмкіндігін қарастыруда. "Марубени Корпорейшнде" сонымен бірге РМС ретінде осы жобаны іске асыру ниеті бар (жобаны басқару).

Ақтау пластикалық масса зауытын әртараптандыру:

Атырау МӨЗ-інің ресурстарын және Ақтау пластмасса зауытының технологиялық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, полистирол өндірудің толық технологиялық сұлбасын жасау қажет. 2008 жылы Ақтау зауытына егжей-тегжейлі техникалық инспекция жүргізілді, қолданыстағы қондырғыларды жаңғырту бойынша ұсыныстар әзірлеу пысықтау кезеңінде тұр. Өнім көлемі - жылына 155 мың тонна полистирол. Іске асыру мерзімі - 2008 - 2012 жылдар.

Атом өнеркәсібі. Қазақстан Республикасында атом өндіру көлемі 2007 жылы 6637,2 тоннаны немесе 2006 жылмен салыстырғанда 126 % құрады. Уранның шала тотығын-тотығын өндіру көлемі 6246,2 тоннаны құрады, өсім 2006 жылғы деңгейге қарағанда 22 % құрады. Отындық таблеткалар шығару көлемі 302 тоннаны құрады. Жоспарлы тапсырмалар толық көлемде орындалды.

Уранның диоксид ұнтағын өз шикізатынан шығару жөніндегі жоспар 112 % орындалды, өндіру көлемі 2006 жылғы деңгейде сақталды және 34,7 тоннаны құрады. Скрап пен күлді қайта өңдеу жоспары 124 % орындалды, уранның диоксид ұнтағын шығару 111,3 тоннаны құрады. Скрап пен пеш қалдықтарын уран диоксидіне қайта өңдеу 2006 жылғы деңгейге қарағанда 22 % ұлғайды.

Бериллий өнімін шығару 1585,5 тоннаны құрады. Өнім шығару жөніндегі жоспарлы тапсырмалар заттай көрінісінде 100 % орындалды. Тантал өнімін шығару көлемі 170 тоннаны құрады. Ниобий өнімін өндіру көлемі 46,4 тоннаны құрады. Плавик қышқылын өндіру көлемі есепті кезеңде 5664,6 тоннаны құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 31 % жоғары.

Жұмыс істеп тұрған кеніштерде уран өндірудің көлемін ұлғайту жөніндегі жұмыстар жалғастырылуда және жаңа кеніштер пайдалануға берілмек. Ресеймен, Жапониямен, Канадамен өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорындар құрылды.

"Westinghouse" швед зауыты үшін табиғи уран, уранның диоксид ұнтағын,

Ресей АЭС үшін-отындық таблеткалар жеткізіп беру, француздық "АРЕВА" және американдық "General Electric" үшін скрапты қайта өңдеу бойынша ядролық-отын циклінің қызметі жүзеге асырылуда. Батыс дизайнының реакторлары үшін отындық таблеткаларды сертификаттау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Kansai Electric және Sumitomo жапон компанияларымен ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде қазақстандық отын циклінің қызметтерін жапон нарығына ілгерілету және жапон АЭС-і үшін ядролық отын компоненттерін жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Жоғары технологиялық тантал өнімдерін (сыйымдылығы жоғары тантал ұнтақтарын, нысаналар, сымдар) жасау жөніндегі серпінді жоба іске асырылуда.

Атом энергетикасын отынмен қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті сала құру бірінші кезекте отандық АЭС-ті отынмен жабдықтау мәселесін шешуге мүмкіндік береді, ал келешекте Қазақстан Республикасының жоғары технологиялық уран өнімінің әлемдік нарығындағы дербес ұстанымын қамтамасыз етеді.

Осы міндеттерді шешу үшін "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ базасында толық ядролық отын циклінің сатылас интеграцияланған компаниясын құру көзделуде. Осы мақсатта жоғары технологиялы уран өнімдерін өндіретін кәсіпорындар құрылуда: Ангарск қаласында (РФ) уранды байытатын бірлескен қазақстан - ресей кәсіпорыны құрылды; канадалық Cameco корпорациясымен "Үлбі металлургия зауыты" АҚ базасында "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ-пен бірлескен уран гексафторидін шығаратын кәсіпорын құру жөніндегі келісімге қол қойылды ; AREVA француз компаниясымен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ-пен АЭС-ке арналған ядролық отын өндірудің түпкілікті өнімі - ядролық реакторлар үшін жылу бөлетін құрастырымдар (ЖБҚ) шығаратын бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі келісімге қол қойылды.

Ақтау қаласындағы БН-350 реакторын пайдаланудан шығару жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет. Ол үшін сұйық радиоактивті қалдықтарды қайта өңдеу кешенін салу және 2009 жылы жұмыс істеген ядролық отынды Ақтау қаласынан Курчатов қаласына көшіру мәселелерін шешу керек.

Ядролық энергетика. Бүкіл әлемде энергетикалық қажеттіліктің өсуі, мұнай мен табиғи газ бағасының тұрақсыздығы; органикалық отынды пайдалануға байланысты экологиялық шектеулер; бірқатар елдердегі энергиямен жабдықтау сенімділігіне қатысты алаңдаушылық жаңа энергетикалық технологияны дер кезінде дайындауды өзекті етіп отыр. Жаңа жаңғыртылатын энергия көздері мен басқарылатын термоядролық синтезді белсенді түрде зерттеу әзірше олардың кең ауқымда дәстүрлі отынның орнын басатын шынайы бәсекеге қабілетті тәсілдер ретінде қарауға мүмкіндік бермейді.

Атом энергетикасы басқа энергия технологияларымен салыстырып қарағанда маңызды принципті ерекшеліктерге ие:

ядролық отында миллиондаған есе көп энергияның шоғырлануы және іс жүзінде сарқылмас ресурстар болады;

атом энергетикасының қалдықтары біршама аз көлемде болады және сенімді оқшауландырылуы мүмкін, ал олардың неғұрлым қауіптілерін ядролық реакторларда "біткенше жағуға" болады;

ядролық отын циклі қалдықтардың радиоактивтілігі мен радиоулылығы олардың уран өндірілетін рудадағы мәнінен асып түспейтіндей болып іске асырылады.

Сонымен, ядролық энергетика қазып алынатын органикалық отында энергетиканың едәуір бөлігінің біртіндеп орнын толтыру және басым энергия технологиясы ретінде қалыптасуы үшін барлық қажетті әлеуетті қасиетке ие болады.

Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі электр энергиясын өндіру мен тұтыну динамикасын талдау электр тұтынудың өсу қарқынының едәуір өскенін көрсетеді және бұл үрдіс болашақта сақталады. Электр тұтынудың өсу қарқынының едәуір өсуі Еуразия өнеркәсіп қауымдастығы корпорациясы кәсіпорындарының дамуына, тұрғын үй құрылысы қарқынының артуына, өнеркәсіп кәсіпорындарында өндірісті қалпына келтіруге, ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп кластерлерін құруға, мұнай мен газ өндіру көлемін өсіруге орайластырылған. Электр энергиясы мен жылу өндіруді әртараптандыру елдің қолданыстағы отын-энергетикалық қауіпсіздігін құрылымдық қайта құру мен жаңғыртуды көздейді. Ұзақ мерзімді болашақта елдің кепілді энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін АЭС салу және оны іске қосу көзделуде, бұл отын цикліне уранның едәуір қорын тартуға және қолда бар көмірсутек шикізатын неғұрлым ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздікті реттеуді Министрліктің Атом энергетикасы комитеті жүзеге асырады. Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қадағалау мен бақылауды жүзеге асыру, лицензиялау, нормативтік құжаттарды әзірлеу қауіпсіздікті мемлекеттік реттеу элементтері болып табылады.

3. Стратегиялық бағыттар, қызметтің мақсаттары мен міндеттері

Ескерту. 3-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.30 № 2285 Қаулысымен.

1-Стратегиялық бағыт. Елдің минералдық шикізат кешенінің тұрақты дамуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

1-мақсат. Елдің минералдық шикізат кешенін минералдық шикізат қорларымен қамтамасыз ету.

2-мақсат. Халықты жерасты ауыз суымен қамтамасыз ету.

3-мақсат. Қазақстанның барлық аумағында жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестердің ресурстық әлеуетінің сапасы туралы уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету.

4-мақсат. Минералдық шикізат кешенінде инвестицияның тұрақты өсуін қамтамасыз ету.

5-мақсат. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы қазақстандық қамтудың үлесін арттыру.

2-Стратегиялық бағыт. Отын-энергетикалық кешенді серпінді дамыту.

1-мақсат. Энергетикалық ресурстар мен қуаттарды тиімді пайдалану.

2-мақсат. Электр энергиясына деген экономиканың өскелең қажеттілігін қамтамасыз ету.

3-мақсат. Мұнай ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру.

4-мақсат. Газ ресурстарын ұтымды және тиімді пайдаланудан әлеуметтік-экономикалық нәтижені жақсарту.

5-мақсат. Ішкі және сыртқы нарықтардың көмір өніміне қажеттілігін қамтамасыз ету.

3-Стратегиялық бағыт. Көмірсутек шикізатын қайта өңдеу деңгейін арттыру.

1-мақсат. Мұнай-химия өндірістерін дамытуға жағдай жасау.

4-Стратегиялық бағыт. Ядролық энергетика саласын құру.

1-мақсат. Атом энергетикасын отынмен қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті сала құру.

2-мақсат. Атом энергетикасын құру есебінен электр және жылу энергиялары көздерінің әртараптандырылуын қамтамасыз ету.

5-Стратегиялық бағыт. Халықтың тіршілік әрекетінің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету

1-мақсат. Бұрынғы "Қарағандыкөмір" өндірістік бірлестігінің таратылатын және таратылған шахталарының, көмір разрездері мен байыту фабрикаларының ықтимал теріс әсерінен Қарағанды облысы халқының тіршілік әрекетінің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету.

2-мақсат. Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

1-Стратегиялық бағыт. Елдің минералдық шикізат кешенінің тұрақты дамуы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету

1-мақсат. Елдің минералдық шикізат кешенін минералдық шикізат қорларымен қамтамасыз ету

Мақсатты индикатор:

Өндірілген пайдалы қазбалардың негізгі түрлерінің қорларын толықтыру

пайызы 2007 жылғы 20 %-дан өтелгеннен 2012 жылғы 7%-ға дейін (неғұрлым көп қажет етілетін пайдалы қазбалар бойынша: алтын, мыс, полиметалдар).

1.1.1-міндет. Болжамдық ресурстарды бағалаумен Қазақстан аумағының зерттелуін қамтамасыз ету

Атауы	Өлш. бірл.	Е с е п т і к кезең		Жоспарлы кезең		
		2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл
1. Болжамдық ресурстарды бағалаумен 1:200000 масштабында алаңдарды геологиялық жете зерттеу:	мың шаршы км	38,98	41,63	35,0	81,3	59,0
алтын	тонна	145,4	150	100	165	170
мыс	млн.тонна	1,15	1,2	0,8	1,4	1,5
полиметалдар	млн.тонна	22,7	6,5	4,5	7,3	7,8
АГЗ-200 жүргізу аумағын қамту	%	78,0	79,72	81	85,47	90,0
2. Болжамдық ресурстарды бағалаумен кенді алаңдарды геологиялық-минерагеникалық карталау:	мың шаршы км	5,5	16,5	15	25,0	30,0
алтын	тонна	2,0	2,21	1,8	2,3	2,4
мыс	млн.тонна	0,1	0,2	0,1	0,4	0,5
полиметалдар	млн.тонна	3,0	3,1	0,3	3,3	3,4
ГМК-200 өткізу аумағын қамту	%	2,2	8 , 8	13,0	26,8	38,8
3. 1:200000 масштабында инженерлік-геологиялық зерттеулермен гидрогеологиялық жете зерттеу	мың шаршы км	13.323	20.93	19,02	30.0	36.0
Жете зерттеуді талап ететін алаң 1561,3 мың шаршы км	%	0,9	2,2	3,4	5,8	8,0

1.1.2-міндет. Пайдалы қазбалар кенорындарын орналастырудың өңірлік және жергілікті заңдылықтарын анықтау

1. Қолданбалы ғылыми зерттеулер (аяқталатын)	жоба	4	5	2	10	16
а) геологиялық барлау жұмыстары өндірісіне енгізілген ғылыми әзірленімдер	%	-	-	100,0	100,0	100,0
2. Тәжірибелік-конструкторлық технологиялар (аяқталатын)	жоба	-	2	2	2	-
а) геологиялық барлау жұмыстары өндірісіне енгізілген тәжірибелік-конструкторлық әзірленімдер	%	-	100,0	100,0	100,0	-

1.1.3-міндет. Пайдалы қазбалардың түрлері, оның ішінде неғұрлым көп қажет етілетін: алтын, мыс, полиметалдар бойынша

1. Қорлардың өсуімен қатты пайдалы қазбаларға іздеу-бағалау жұмыстары:	учаске	14	12	8	15	23
алтын	тонна	6,5	10	1,0	11	11
мыс	мың тонна	216,9	50	150	80	100
полиметалдар	мың тонна	173,0	100	0	100	120
2. Көмірсутек шикізатына геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізу	объект	3	2	1	2	2
3. Геотермальды суларға іздеу-барлау жұмыстары	объект	-	1	-	-	-

1.1.4-міндет. Қазақстанның барлық аумағында елдің минералдық шикізат кешенінің жағдайы туралы мемлекеттік органдарды уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету

1. Пайдалы қазбалардың негізгі 35 түрі бойынша ресурстық әлеуетті нақтылау	жоба	11	6	8	7	7
2. Минералдық шикізат базасының жағдайы туралы анықтамалықтар дайындау, нормативтік-әдістемелік құжаттарды жасау	жоба	2	3	2	3	3
3. "Геология және жер қойнауын қорғау" ақпараттық-талдау журналын тоқсан сайын шығару	Журнал			4	4	4

1.1.5-міндет. Геологиялық ақпарат дерекқоры мен геоақпараттық жүйелерді қалыптастыру

1. Геологиялық ақпаратты қалыптастыру	іс-шара	16	16	16	16	16
2. Геологиялық ақпаратты өңдеудің ақпараттық жүйелерін құру	жүйе	1	1	4	-	-
3. Дерекқорды цифрлық геологиялық ақпаратпен толықтыру (оның ішінде ретроспективті)	%	5	10	15	-	-

2-мақсат. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету

Мақсатты индикатор:

1. 1650 ауыл ауыз судың тапшылығын қатты сезінуде. Қазіргі уақытта оларды тұщы жерасты суларының жеткілікті қорларымен қамтамасыз ету 13 (213 ауыл) құрайды. Тұщы жерасты суларының жеткілікті қорларымен қамтамасыз етуді:

2008 ж. - 24,9 %, 2009 ж. - 31,4 %, 2010 ж. - 31,4%, 2011 ж. - 31,4 % дейін жеткізу к е р е к .

1.2.1-міндет. Ауылдық елді мекендерді сапалы жерасты ауыз су қорларымен қамтамасыз ету

1. Жерасты суларына іздеу-барлау жұмыстары	ауыл	152	197	108	102	104
Барлығы 1650 ауылдық елді мекен	%	12,9	24,9	31,4	31,4	31,4
2. Тұщы жерасты сулары кенорындарының қорын қайта бағалаумен жете зерттеу	кенорны	-	-	2	0	28
Барлығы 194 кенорны	%	-	-	1,0	1,0	15,5

3-мақсат. Қазақстанның барлық аумағындағы жерасты суларының ресурстық әлеуетінің сапасы және қауіпті геологиялық процестер туралы уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Мақсатты индикатор:

1. 2012 жылға қарай зерттеуді бақылаулардың мемлекеттік желісімен қамтуды қамтамасыз ету:

жерасты суларын - 7000-ның кемінде 5018 пунктін (полигонын) (2007 ж. - 5005, 2008 ж. - 5017, 2009 ж. - 5018, 2010 ж. - 5018, 2011 ж. - 5018); қауіпті геологиялық процестерді - 850 бекеттің 44 бекетін (полигонын) (2007 ж. - 44, 2008 ж. - 44, 2009 ж. - 44, 2010 ж. - 44, 2011 ж. - 44). Жерасты суларының сапасы мен қауіпті геологиялық процестердің жағдайы туралы жыл сайынғы есептер.

2. Гидрогеологиялық ұңғымаларды жою және консервациялау: 926 (2149-дан): 2007 ж.- 373, 2008 ж. - 458, 2009 ж. - 516, 2010 ж. - 716, 2011 ж. - 926 және 99 мұнай ұңғымасын (99-дан): 2007 ж. - 76, 2008 ж. - 80, 2009 ж. - 99, 2010 ж.- 92.

1.3.1-міндет. Жерасты сулары мен қауіпті геологиялық процестер жағдайын бағалау және болжау, іс-шараларды әзірлеу

Жерасты суларының мониторингі:	пункт	5005	5000	5000	5000	5000
1) пункттерде	пост	-	13	13	13	13
2) жер сілкіністерінің хабаршыларын зерттеу постыларында	полигон	-	4	5	5	5
3) жерасты суларының техногендік ластану полигондарында	пост	3	1	-	-	-
4) мемлекеттік су кадастрын жүргізу	кадастр	1	1	1	1	1
Қауіпті геологиялық процестер мониторингі: 1) постыларда	пост	4 2	42	42	4 2	42

2) полигондарда	полигон	2	2	2	2	2
3) жерасты суларының мониторингін және қауіпті геологиялық процестерді жүргізуді сүйемелдеу	жоба	5	9	10	10	10

1.3.2-міндет. Өздігінен төгілетін гидрогеологиялық және мұнай ұңғымаларын жою және консервациялау ұңғымаларын жою және консервациялау

1. Гидрогеологиялық ұңғымаларды жою	ұңғыма	130	85	58	200	210
Барлығы - 2149 ұңғыма	%	17,4	21,3	24,0	38,0	47,3
2. Мұнай ұңғымаларын жою	ұңғыма	8	4	19	6	-

4-мақсат. Минералдық шикізат кешенінде (МШК) инвестициялардың тұрақты өсуін қамтамасыз ету

Мақсатты индикатор:

1. 2012 жылға қарай минералдық шикізат кешеніне тікелей инвестициялардың өсуі 19,5 % құрайды.

2. 2011 жылға қарай Қазақстанның ЕІТІ талаптарының барлық өлшемдерін (18) орындауы. Өндіруші компаниялардың 80 % ЕІТІ қосылуы. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы талаптардың 4 өлшемін орындады және кандидат елдердің тізіміне кірді. 103 компания қосылды (45 %).

1.4.1-міндет. Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру және дамыту

Жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай мемлекеттік жүйесіне мемлекеттік органдардың қатысуы: 1. Құру және тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде	%			20		
2. Өнеркәсіптік пайдалануға қосу кезеңінде	%				50	
3. "Электрондық үкімет" жүйесіне енгізу кезеңінде	%					100
Жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануды басқарудың бірыңғай жүйесіне қатысуы 1. Құру және тәжірибелік өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде	%			10		

Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер туралы электронды дерекқор қалыптастыру	кор			1		
---	-----	--	--	---	--	--

2-стратегиялық бағыт. Отын-энергетикалық кешеннің қарқынды дамуы

1-мақсат. Энергетикалық ресурстар мен қуаттарды тиімді пайдалану

Ма қ с а т т ы

и н д и к а т о р :

1. Ел бойынша энергия көздерінің белгіленген қуатын пайдалану коэффициентін жыл сайынғы 2 %-ға өсірумен соны 2008 жылы 68%-ға, 2001 жылы 74%-ға ж е т к і з у .

2.1.1-міндет. Отын-энергетикалық кешенде және электр және жылу энергиясын тұтыну саласында энергия- және ресурс үнемдеу жөніндегі шараларды әзірлеу мен іске асыру, энергия үнемдеу саласында нормативтік құқықтық база құру

1. Электр энергетикасы саласындағы нормативтік-техник алық құжаттаманы әзірлеу және қайта карау	с а н ы	20	20	20	20	20
2. Энергия үнемдеу саласында нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу	саны	-	-	3	3	3
3. Электр энергетикасы объектілерін, электр және жылу энергиясының ірі тұтынушыларын қадағалаумен және бақылаумен қамту	объектілердің саны	-	-	117	117	116

2-мақсат. Экономиканың электр энергиясына деген өскелең қажеттілігін қ а м т а м а с ы з е т у

Ма қ с а т т ы

и н д и к а т о р :

1. 2011 жылы электр энергиясын өндіруді 2007 жылғыға қарағанда 4,3%-ға ө с і р у д і қ а м т а м а с ы з е т у .

2. Қазақстанның қажеттілігін өзінің энергия көздерінен 97,6 %-ға дейін қанағаттандыру, бұл экономика және ТКШ салаларын энергиямен жабдықтаудың тұрақтылығына, токтың жиілігі мен кернеуі бойынша берілетін электр энергиясының сапасын тұрақтандыруға, және бәсекеге қабілеттіліктің ағымдағы индексі деңгейі тәуекелінің азаюына алып келеді (81-орын).

2.2.1-міндет. Электр энергетикасы саласындағы инвестициялық тартымдылықты арттыру

Саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру	НҚА саны (заң жобасы, салалық бағдарлама, тұжырымдама, базалық және шекті бағалар мен САТ	-	2	2	1	1
---	---	---	---	---	---	---

мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу	тобы бойынша тәртіп)					
---	----------------------	--	--	--	--	--

2.2.2-міндет. Жұмыс істеп тұрған қуаттарды қайта құру, жаңғырту және жаңа қуат көздерін салу

Балқаш ЖЭС-ін салу (қаржыландыру: 70% - заем қаражаты; 30 % - өз қаражаты ; оның 25 %-ы және +1 бір акция республикалық бюджеттен қаржыландыру)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	-	-
Екібастұз 1-ГРЭС-те N 8 энергия блогын қалпына келтіру (меншік иесінің қаржысы)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	-	500
Екібастұз 1-ГРЭС-те N 1, 2 энергия блогын қалпына келтіру (меншік иесінің қаржысы)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	-	-
Екібастұз 2-ГРЭС-те N 3 энергия блогын салу (Заем қаражаты, Самұрық және 2- ГРЭС екінші акционерінің қаржысы)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	-	-
Ақсу ГРЭС-тің N 2 энергия блогын қалпына келтіру (меншік иесінің қаржысы)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	-	325
Өскемен ЖЭО-да турбиналарды іске қосу (меншік иесінің қаржысы)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	80	-
Астана қ. Ақмола 2-ЖЭО-да энергия блогын іске қосу (РБ-дан қаржы)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	-	120
Қарағанды 3-ЖЭО-ны кеңейту (меншік иесінің қаржысы)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	-	55
Энергетикалық қазандарды, желдеткіш градирендерді қайта құру, қазандар мен турбоагрегаттарды орнатумен кеңейту және Алматы ЖЭО-да күл-қож шығарудың аралас жүйесін салу ("АлЭС, Самұрық АҚ қаржысы, заемдық қаражаттар, РБ заемдық қаражаты)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	-	-
Талдықорған ЖЭО-сын салу (ТЭН-ді әзірлеу - РБ-дан, ГЧП негізінде салу)	МВт	-	-	ТЭН	жобаны іске асыруды бастау	-

Батыс Қазақстан облысында ГТЭС салу (ТЭН-ді әзірлеу - РБ-дан)	МВт	-	-	инвест. ұсынысты әзірлеу	-	-
Қандыағаш қ. Газ-турбиналық электр станциясын салуды аяқтау және пайдалану (концессионердің қаржысы, заемдық қаражаттар және Үкіметтің кепілгерлігі)	тұтынушыларға электр энергиясын босату млрд. кВт/сағ	0,0	0,0	0,0	0,0	0,7
Рудный ЖЭО-да турбиналарды іске қосу (меншік иесінің қаржысы)	МВт	-	-	-	63	
Мойнақ ГЭС-ін салу	МВт	-	-	-	-	300
Жаңажол ГТЭС-ін салу (меншік иесінің қаржысы)	МВт	-	45	-	-	-
Қарағанды 2-ГРЭС-те энергия блогын салу (меншік иесінің қаржысы)	МВт	-	-	-	-	55
Қарағанды 4-ЖЭО-ны салу (концессионердің қаржысы, заемдық қаражаттар)	МВт	-	-	жобаны іске асыруды бастау	-	-

2.2.3-міндет. Электр және жылу жүйелері объектілерін салу

Солтүстік—Оңтүстік транзиті электр берілісінің екінші желісін салуды аяқтау ("KEGOC" АҚ-тың қаражаты, ЕБРР, МБРР қаржы институттарының заемдық қаражаттары)	транзиттің өткізу кабілеті(МВт)	630	730	1350	1350	1350
"Мойнақ ГЭС-тің қуатын беру: екі ВЛ-220 кВ салу және жұмыс істеп тұрған 2-уін қайта құру және 1 жаңа қ/ст салу" жобасын іске асыру (БРК және ГБРК заемдық қаражаттары, ҚРҰ мемкепілдігі, Самұрықтың корпоративтік кепілі)	инвестициялық жоба	-	-	трассаны келісу, ЖСҚ-ны әзірлеу	жобаның басталуы	жобаның аяқталуы
Қазақстан ҰЭЖ-ге қосылумен 500 кВ Алма қосалқы станциясын салу (ЕБРР, заемдық қаражаттары, "KEGOC" АҚ қаржысы)	инвестициялық жоба	-	-	трассаны келісу, ЖСҚ-ны әзірлеу	жобаның басталуы	жобаның аяқталуы
Алматы электр торабы бойынша Кенсай қ/ст ВЛ-дан 3-ЖЭО-ға, "Ерменсай", "Топливая", "Отырар" және	инвестициялық жоба	-	-	жобаның басталуы	іске асыру сатысы	

"Алатауға" дейін электр желісі объектілерін салу						жобаның аяқталуы
Алматы қ. н/ст қайта құрумен 2-ЖЭО - 1-ЖЭО жалғастырушы жылу магистральдарын салу (РБ қаржысы)	Алматы қаласының орталық бөлігіне 400 Гкал жиынтығы көлемінде қосымша жылу беру	тән	жоба іске асырылуда	жоба іске асырылуда	жоба іске асырылуда	жобаның аяқталуы
14 облыс, Астана және Алматы қалалары бойынша перспективалық электр желілерін дамыту жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз ету (ЖБ қаржысы)	электр желілерш. дамытудың өңірлік жоспарлары	-	8	2	2	4
"Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" электр берілісі желісін салуды аяқтау (концессионердің қаражаты,	солтүстік облыстардан Ақтөбе облысына	0,0	0,0	0,8	1,0	1,6
ҚРҰ кепілгерлігі)	электр энергиясын беру млрд. кВтс					
Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жылу-энергетикалық жүйені дамытуға мақсатты трансферттер (РБ қаржысы)	инвестициялық жобалар	13	13	30	26	8

2.2.4-міндет. Жыл бойғы режимде ЖГРЭС-тің толық қуатпен жұмыс істеуі есебінен Қазақстанның оңтүстігіндегі энергия тапшылығын жабуды қамтамасыз ету

Электр энергиясын өндіру	млн. кВтс	3004	4925	5400	4000	4250
--------------------------	-----------	------	------	------	------	------

2.2.5-міндет. Жаңғыртылатын энергия көздерін теңгерімге тарту

"ЖЭК пайдалануды қолдау туралы" Заң жобасын іске асыру үшін НҚА әзірлеу	НҚА саны	-	-	2	-	-
Угам өзенінде шағын ГЭС-терді салу (ГЭС сарқырамасы) (жеке инвесторлардың қаржысы)	МВт	-	-	-	-	-
Жоңғар қакпаларында қуаты 5 МВт пилоттық жел электр станциясын салу	МВт	-	-	-	-	5

4-мақсат. Газ ресурстарын ұтымды және тиімді пайдаланудан әлеуметтік-экономикалық тиімділікті арттыру

Мақсатты индикатор :

1. 2011 жылы шикі газ өндіру көлемінің өсуін 2007 жылмен салыстырғанда 46 %-ға жеткізу (өндірудің өсімі 13,6 млрд.текше м.).

2. 2011 жылы өткізу қабілеті 5 млрд. текше м. дейінгі Бейнеу-Бозой-Ақбұлақ газ құбырының 1-кезегін іске қосу жолымен республиканың оңтүстік өңірлерінің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2011 жылға қарай 250 елді мекенді табиғи газға қосу.

2011 жылға қарай құрғақ газ экспортын 1,8 млрд. текше м. (2007 жылы 140 %)

және халықаралық газ транзитін - 23,6 млрд. текше м. (2007 жылы 124 %)

ұ л ғ а й т у .

4. ОСРП-ға сәйкес өтемділігіне қарай босайтын активтердің 100 % есептелуін

қ а м т а м а с ы з

е т у .

2.4.1-міндет. Газ өндіру көлемін ұлғайту

Газды өндірудің өсуі (мұның алдындағы жылмен салыстырғанда)	%	109,6	113,8	115,4	109,5	101,4
---	---	-------	-------	-------	-------	-------

2.4.2-міндет. Қазақстан Республикасының ішкі нарығының өсіп отырған қажеттіліктерін газбен үздіксіз және тұрақты қамтамасыз ету

"Бейнеу - Бозой - Ақбұлақ" магистральды газ құбырын салу (бюджеттік қаржылар және концессионердің қаржысы)	млрд. текше м/жыл	-	-	-	-	5,0
Үшінші Жаңажол газ өңдеу зауытының құрылысы ("СНПС - Ақтөбемұнайгаз" АҚ қаржысы)	млрд. текше метр	-	2,0	4 тоқсан 2 кезектегі зауытын қосу	2,0	
Табиғи газды тұтыну (мұның алдындағы жылмен салыстырғанда)	%	113,7	103,0	108,0	111,8	114,5
Сұйытылған газды тұтыну (мұның алдындағы жылмен салыстырғанда)	%	102,9	108,6	108,0	105,5	105,2
Облыстардың газ тасымалдау жүйесін дамытуға бағытталған нысаналы трансферттер	саны	0	44	24	6	3

2.4.3-міндет. Жаңа газ көлігі қуаттарын жаңғырту және салу

Табиғи газ экспорты (мұның алдындағы жылмен салыстырғанда)	%	107,2	111,1	112,0	107,1	105,0
Сұйытылған газ экспорты (мұның алдындағы жылмен салыстырғанда)	%	108,1	108,4	104,8	105,9	108,4
Халықаралық газ транзиті (мұның алдындағы жылмен салыстырғанда)	%	90,9	100,5	96,7	100,0	100,0
